


АУҚЫМДЫ БАҒАЛАУДАН — ЫҚПАЛДЫ БАҒАЛАУҒА

Инвестициялардың әлеуметтік қайтарымын бағалау (SROI)



Әлеуметтік жобалар конкурсы

Банк 2024 жылдан бастап қызметкерлердің әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалар байқауын өткізіп келеді. 2025 жылы конкурс аясында жеңімпаз атанған 5 жобаны жүзеге асыруға 10 млн теңге бөлінді:

ЖОБАЛАР

1

SOS: ЖЕР ДАБЫЛЫ

Инклюзивті экологиялық қойылым

Павлодарлық мүмкіндігі шектеулі әртістер Алматыда алғаш рет инклюзивті эко-қойылымды көрермен назарына ұсынды

2

AVAZ AAC

Технология арқылы инклюзия

Оңалту орталығына баламалы және қосымша коммуникацияға арналған Avaz AAC қосымшасы орнатылған 2 планшет табыс етілді

3

ҒАЛАМШАРДЫ СЕЗІН

Тактильді карта

Қазақстанда алғаш рет Алматы қаласының тактильді картасы және мамандандырылған мектептерге арналған тактильді құралдар жиынтығы әзірленді

4

DALA MARKET

Инклюзивті өнер студиясы

Инклюзивті өнер студиясының жұмысына қолдау көрсетіліп, қайырымдылық жәрмеңкесінде бұйымдарды сату ұйымдастырылды

5

МУЗЫКАНЫҢ СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМІ

Музыкалық терапия

„Балам-ай“ қорының орталығында музыкалық кабинет жабдықталды

Зерттеудің мақсаты мен әдістемесі

МАҚСАТЫ

Банктің әлеуметтік инвестицияларының тиімділігін бағалау және жүзеге асырылған жобалар арқылы қалыптасқан әлеуметтік құндылық көлемін анықтау.

НЫСАН

Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларында жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар конкурсының жеңімпаз атанған 5 жобасы.

Бағалауға оларды жүзеге асыруға бағытталған қаржылық және қаржылық емес ресурстар енгізілді.



ӘДІСНАМА

SROI — инвестициялардың әлеуметтік қайтарымын бағалаудың халықаралық әдістемесі, ол мына сұраққа жауап береді:

«Салынған ресурстардың әрбір бірлігіне қанша әлеуметтік құндылық қалыптасады?»

Дереккөз: "SROI бағалау жөніндегі нұсқаулық" (Social Value International, 2012).

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ 8 ҚАҒИДАСЫ

1

Мүдделі тараптарды тарту

2

Болып жатқан өзгерістерді түсіну

3

Маңызды нәтижелерді бағалау

4

Тек маңызды нәрсені ескеру

5

Қосқан үлесті асыра сілтемеу

6

Ашықтықты қамтамасыз ету

7

Нәтижелердің шынайылығын растау

8

Жауапты әрі жедел әрекет ету

Әлеуметтік құндылық қалай өлшенеді?

Әрбір жоба үшін құндылық қалыптастырудың толық жолы — салынған ресурстардан бастап қол жеткізілген әлеуметтік әсерді ақшалай бағалауға дейін қадағаланады.
Мысал: №2 жоба — балалардың баламалы және қосымша коммуникацияға арналған Avaz AAC планшеттерінің көмегімен қарым-қатынасты өздігінен бастау қабілетін дамыту.



Бұдан әрі, жалпы құндылық әсер ету факторларына түзетіледі (келесі слайд)

Әлеуметтік құндылықты асыра бағаламаудың жолдары қандай?

Бағалау нәтижесінде тек жобаларды іске асырудың арқасында қалыптасқан әлеуметтік құндылық қана көрсетілуі үшін нәтижелердің жалпы құндылығы 4 фактор ескеріле отырып түзетіледі.



1

Күтілетін нәтиже

Deadweight

Нәтиженің қандай бөлігі жобасыз-ақ жүзеге асар еді?



2

Атрибуция

Attribution

Бұл нәтижеге тағы кімнің ықпалы болды?



3

Ығыстыру

Displacement

Жобаның іске асырылуы басқа аймақта немесе өзге салада кері әсерін тигізбеді ме?



4

Әсердің бәсеңдеуі

Drop-off

Уақыт өте келе нәтиже қалай өзгереді?

Таза әсер = Жалпы құндылық × (1 – Күтілетін нәтиже) × (1 – Атрибуция) × (1 – Ығыстыру)

Көпжылдық нәтижелер үшін: n -жылдың құндылығы = 1-жылдың құндылығы × (1 – Drop-off)⁽ⁿ⁻¹⁾

Барлық 5 жобада нәтижелерді ығыстыру (displacement) көрсеткіші 0-ге тең деп қабылданды, өйткені жобалар жаңа әлеуметтік құндылық қалыптастырады және жұмыс істеп тұрған қызметтердің ығысуына алып келмейді

Қорытынды әлеуметтік құндылық қалай есептеледі?

Ұзақмерзімді әсері бар нәтижелердің құндылығы осы әсер сақталатын бүкіл кезең бойы ескеріледі, ағымдағы құнға келтіріледі және қорытынды SROI көрсеткішін есептеу үшін пайдаланылады.



Келтірілген құндылық (PV)

Нәтижелердің болашақ құндылығы дисконттау мөлшерлемесі бойынша ағымдағы уақытқа келтіріледі

$$PV = \sum \text{Воздействие}(t) \div (1 + r)^t$$



SROI коэффициенті

Келтірілген құндылықтың жиынтық салымдарға қатынасы

$$SROI = \text{нәтижелердің PV} \div \text{Салымдар}$$



Таза келтірілген құндылық (NPV)

Жиынтық салымдар шегерілгендегі келтірілген құндылық

$$NPV = \text{нәтижелердің PV} - \text{Салымдар}$$

3,5 %

дисконттау мөлшерлемесі (UK Green Book)

1-3 жыл

нәтижелер әсерінің мерзімі

PPP

халықаралық проксиерді теңгеге түзету

Медиана

Прокси көздері бірнешеу болған жағдайда

Жобалар портфелі



15,1 млн ₸

Жиынтық салымдар



23,1 млн ₸

Келтірілген құндылық (PV)



+7,9 млн ₸

Таза келтірілген құндылық (NPV)

ПОРТФЕЛЬ БОЙЫНША SROI

1,52 : 1

Салынған әрбір теңгеге 1,52 ₸ әлеуметтік құндылық қалыптасты

1,90 : 1

ең жоғары көрсеткіш – Avaz AAC (№2 жоба)


5-тен 5

жоба жұмсалған салымдардан жоғары әлеуметтік құндылық қалыптастырды

1,04 : 1

ең консервативті жорамалдардың өзінде SROI көрсеткіші оң мәнді көрсетті

Жобаларға шолу



Қызғылт үзік сызық 1 : 1 — әлеуметтік құндылықтың өзін-өзі ақтау шегі

Жоба	Салымдар, млн ₸	Құндылық (PV), млн ₸	SROI
№1 жоба: SOS: Жер дабылы	4,66	5,50	1,18
№2 жоба: AVAZ AAC	2,00	3,79	1,90
№3 жоба: Ғаламшарды сезін	3,37	5,65	1,68
№4 жоба: Dala Market	3,01	4,27	1,42
№5 жоба: Мұзыканың сиқырлы әлемі	2,10	3,86	1,84
Жобалар портфелі	15,14	23,08	1,52

Құндылық ағымдағы уақытқа келтірілген (PV).



№1 ЖОБА АЛМАТЫ

SOS: Жер дабылы

Инклюзивті экологиялық қойылым

1,18:1

SROI

ЖОБА ТУРАЛЫ

Инклюзивті эко-қойылым: павлодарлық мүмкіндігі шектеулі әртістер Алматыда алғаш рет өнер көрсетті Гастрольдер аясында 4 қойылым өтті.

БАСТАМАШЫ

Бриджит Гроз

СЕРІКТЕС

"Триумф" театры, "Самал" ОО

МАҚСАТТЫ ТОП

Мүмкіндігі шектеулі әртістер және көрермендер

САЛЫМДАР

4,66 млн ₸

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ (PV)

5,50 млн ₸

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

12

әртістер алғаш рет туған қаласынан тыс жерде өнер көрсетті

320

көрермендер жаңа мәдени тәжірибе жинақтады

4

қойылым – толыққанды гастрольдік бағдарлама



№2 ЖОБА · АЛМАТЫ

AVAZ AAC

Технологиялар арқылы инклюзия

1,90:1

SROI

ЖОБА ТУРАЛЫ

Баламалы және қосымша коммуникацияға арналған Avaz AAC қосымшасы орнатылған 2 планшет сатып алынды.

БАСТАМАШЫ

Анар Баканова мен Аякоз Сматулла

СЕРІКТЕС

«Территория успеха» ОО

МАҚСАТТЫ ТОП

Сөйлей алмайтын балалар және олардың ата-аналары

САЛЫМДАР

2,00 млн ₸

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ (PV)

3,79 млн ₸

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

7

бала қарым-қатынасты өздігінен бастай бастады

10

ата-ана отбасы ішіндегі қарым-қатынастың жақсарғанын атап өтті

2

отбасы планшеттерді өз қаражатына дербес сатып алды



№3 ЖОБА · АЛМАТЫ

Ғаламшарды сезін

Зағип жандарға арналған тактильді карта

1,68:1

SROI

ЖОБА ТУРАЛЫ

Алматы қаласының тактильді картасы (Қазақстанда тұңғыш рет) және мамандандырылған мектептерге арналған тактильді оқу құралдары жасалды.

БАСТАМАШЫ

Мадина Усенова

СЕРІКТЕС

"Жан" зағиптар қоғамы

МАҚСАТТЫ ТОП

Зағип және нашар көретін жандар, сондай-ақ мамандандырылған мектеп оқушылары

САЛЫМДАР

3,37 млн ₸

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ (PV)

5,65 млн ₸

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

224

пайдаланушы қалалық ортада өздігінен бағдар ала алады

311

мектеп оқушысы жаңа білім беру тәжірибесін жинақтайды

1-ші

Қазақстандағы Алматы қаласының тұңғыш тактильді картасы



№4 ЖОБА · АЛМАТЫ

Dala Market

Инклюзивті өнер студиясы

1,42:1

SROI

ЖОБА ТУРАЛЫ

Инклюзивті өнер студиясының жұмысына қолдау көрсетілді: сабақтар 6 ай бойы аптасына 3 рет өткізілді, жәрмеңкеде бұйымдарды сату ұйымдастырылды.

БАСТАМАШЫ

Тимур Сарсенбаев

СЕРІКТЕС

Dala Market инклюзивті өнер студиясы

МАҚСАТТЫ ТОП

Мүмкіндігі шектеулі балалар (12 бала) және олардың отбасылары

САЛЫМДАР

3,01 млн ₸

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ (PV)

4,27 млн ₸

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

8

бала өзін-өзі бағалау деңгейі мен сенімділігінің артқанын көрсетті

6

бала шығармашылық дағдыларының дамығанын көрсетті

450 мың ₸

бұйымдарды сатудан 12 отбасы тапқан табыс



№5 ЖОБА · АСТАНА

Музыканың сиқырлы әлемі

Музыкалық терапия

1,84:1

SROI

ЖОБА ТУРАЛЫ

"Балам-ай" қорының орталығында музыка кабинеті жабдықталды: соқпалы аспаптар, синтезатор, гитаралар, микрофон және акустикалық жүйе сатып алынды.

БАСТАМАШЫ

Айжан Бердалина

СЕРІКТЕС

"Балам-ай" қоры

МАҚСАТТЫ ТОП

Менталды ерекшеліктері бар тәрбиеленушілер (18+)

САЛЫМДАР

2,10 млн ₸

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ (PV)

3,86 млн ₸

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

6

тәрбиеленушілердің мазасыздық деңгейі төмендеді

15

тәрбиеленуші жоба аясында сабақтарға жүйелі түрде қатысты

1

жаңа музыка кабинеті

Негізгі тұжырымдар



Оң әлеуметтік қайтарым

5 жобаның бесеуі де салымдар көлемінен асатын әлеуметтік құндылық қалыптастырды (портфельдің SROI көрсеткіші – 1,52 : 1)



Бағдарламаның дәлелденген тиімділігі

Әлеуметтік жобалар конкурсы өзінің өлшемді әлеуметтік құндылық қалыптастыру құралы ретіндегі тиімділігін дәлелдеді



Нәтиженің тұрақтылығы

Нәтиже бағалаудың консервативті сценарийлерінде де оң мәнді сақтап қалады (SROI – 1,04 : 1)